«Бекітемін»
Абай атындағы мәдени-
демалыс кешенінің директоры
_____А.А.Кулбаев

10 тамыз - Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл толуына орай поэзия кеші

«Ақтау – Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында Абай Құнанбайұлының 180 жыл толуына орай «Абай мұрасы – жас ұрпаққа өнеге» атты поэзия кешінің

СЦЕНАРИЙІ

Өтетін орны: Ақбота парк

Аппаратура құрылған. Абайдың өлеңдері, әндері мен қара сөздерінен дайындалған плэйлист жүріп тұрады

Жүргізуші 1: Қайырлы күн, қадірлі көрермен! Бүгінгі шарамыз артында өлмейтұғын сөз қалдырған ұлы ақын атамыз – Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына арналған поэзия кешіне қош келдіңіздер!.

Жүргізуші 2: Абай — қазақ руханиятының шамшырағы. Оның сөзі — ұрпаққа өнеге, ақылы — халқына аманат. Бүгінгі кеш — Абайға деген құрметіміздің, махаббатымыздың белгісі.

Жүргізуші 1: Абай – ақын ғана емес, ұлттың рухани көсемі. Ол – халқымыздың айнасы, ұлы ұстазы. Оның шығармалары ғасырлар өтсе де өз құндылығын жойған емес. Ендеше құрметті көрермендер «Ақтау – Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында Абай Құнанбайұлының 180 жыл толуына орай «Абай мұрасы – жас ұрпаққа өнеге» атты поэзия кешін ашық деп жариялаймыз. Абай атамыздың өлеңдерін назарларыңызға ұсынамыз.

Поэзия

Өнерпаздар поэзия оқиды

1. **Досанқызы Назым: «Әсемпаз болма әрнеге»**
2. **Өнер Бердібай "Қалың елім, Қазағым, қайран жұртым**
3. **Орын Нұрасыл «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»**

Мамасы:87754823540 Маржан

4. **Избасканова Гүлжайна "Заман ақыр жастары"**
5. **Сагиндик Асел "Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?"**
6. **Асгатов Бекарыс "Күз"**
7. **Нұржанқызы Дильназ " Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін"**

Жүргізуші 2: Кешегі ауыр да күңгірт заманда жалын боп жанып өткен Абайдың осы мұрасы туған халқы үшін ешқашан да сарқылмайды. Абай туған елін қаншама сүйсе, елі үшін күңіреніп, тебіренсе бүгінгі ұрпақ оны сонша құрметпен сүйіп отыр. Абайдың көзі тірісінде жетпеген арманына біздің заманымызда жетіп отыр. Өйткені, бүгінгі ұрпақ көзі ашық, ғылымға, білімге, өнерге құмар. Абай атамыздың «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген өсиетін көкіректе нық сақтайық.

Жүргізуші 1:

Құрметті көрермендер! Енді кезек өздеріңізде.

Ашық микрофон аймағына келіп, Абай шығармаларынан үзінді оқуға, өз өлеңдеріңізді немесе Абайға арнауларыңызды айтуға болады.

Микрофон — сіздер үшін!

Ақтау қаласының тұрғындары немесе қонақтары ашық микрафонға келіп поэзия оқиды

Жүргізуші 2:
Абай — мәңгілік. Ол – бүгін де біздің арамызда.
Оның ойы – сөзде, үні – жырда, рухы – әр қазақтың жүрегінде.
Бүгінгі кешіміз – соның дәлелі. Баршаңызға алғысымыз шексіз!

Жүргізуші 1:
Ендеше құрметті көрермендер өнерпаздарымыздың сіздерге арнаған Абай Құнанбайұлының өлеңдерінен жинақталған поэзия бөлігін қабыл алыңыздар

8. **«Поэзия бөлігі»** - орындайтын
9. **Есенқұл Жанерке «Өлсе өлер, табиғат адам өлмес»**
10. **Асгатова Амина "Есіңде барма даа күнің"**
11. **Қаламбаева Айдарлы "Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен"**
12. **Айару "Ғылып таппай мақтанба**
13. **Ермек Айғаным "Құлақтан кіріп, бойды алар**
14. **Көпекова Динара "Өлең сөздің патшасы**

Жүргізуші 2: Құрметті көрермендер, ардақты ағайын!
Бүгін біз Абай әлеміне сапар шектік. Оның өлеңін тыңдап, әнін айттық, сөзін сараладық. Бұл кеш — жүректерімізді рухани тазартқан, жанымызды нұрға бөлеген ерекше сәт болды.

Жүргізуші 1: Абай — өткеннің ғана емес, бүгіннің де, ертеңнің де шамшырағы. Оның мұрасы — ұрпаққа жол, халыққа аманат.

Жүргізуші 2: Асыл сөздің атасы — Абай данам,
Ұрпағыңмен табысты бүгін ғалам.
Қара сөзің — темірқазық, нұр тұнған ой,
Ардың үні, халықтың рухы аман.

Өлеңіннен өмірдің лебі есіп,
Ақылменен жанымыз кетер өсіп.
“Адам бол!” деп жар салып ғасырларға,
Адалдықтың туын сен тұрдың шешіп.

Жүргізуші 1: Абай — мәңгі тірі. Оның сөзімен сусындаған әрбір жүрек — рухани бай.
Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «**Абай мұрасы – жас ұрпаққа өнеге**» атты поэзия кеші өз мәресіне жетті. Бүгін біз поэзия арқылы біріктік. Сол бірлік пен рух биіктігінде сіздермен кездескенше. Аман сау болыңыздар!